

## АЙЫППҰЛ ТҮРІНДЕГІ ЖАЗАНЫҢ КЕЙБІР ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ

*Түйін. ҚР Қылмыстық кодексіндегі айыппұл жазасын талдауға арналған мақаласында автор аталған мүлдіктік жазаны құқықтық реттеудегі және тағайындау тәжірибесіндегі жаңа үрдістерді көрсетеді. Айыппұл жазасының қолданылу аясын кеңейтудің объективтік алғышарттарын қарастырады, айыппұлдың жазалар жүйесіндегі орнын анықтайды, қылмыстық жаза түрі ретіндегі жағымды және жағымсыз қырларын зерделейді. Парақорлық қылмыстары үшін пара сомасына немесе құнына еселеп саналатын айыппұлдың енгізілуіне орай құқық қолдану тәжірибесінде туындауы мүмкін мәселелерді көтеріп, оларды шешу жолдарын ұсынады.*

*Түйінді сөздер: жаза, айыппұл, сыбайлас жемқорлық, парақорлық.*

*Резюме. В статье, посвященной анализу наказания в виде штрафа в Уголовном кодексе РК, автор обозначает новые тенденции в правовой регламентации и практике назначения данного имущественного наказания. Рассматривает объективные предпосылки расширения сферы применения штрафа, определяет его место в системе наказаний, отмечает положительные и отрицательные стороны штрафа как вида уголовного наказания. Поднимает проблемы, которые могут возникнуть в правоприменительной практике в связи с введением за взятничество штрафа, кратного сумме или стоимости взятки, предлагает пути их решения.*

*Ключевые слова: наказание, штраф, коррупция, взятничество.*

*Summary. In the article dedicated to analysis of the penalty in the Criminal Code of the RK of 2014, the author defines new tendencies in the law regulation and practice of this forfeiture imposing. The author considers the objective prerequisites of penalty application sphere extending, determines its place in the punishment system, notices positive and negative sides of a penalty as a criminal sanction. The author discusses the issues that might occur in law enforcement practice in connection with implementation of penalty for bribery that is equal to the sum or coast of a bribe, suggests the solutions.*

*Keywords: punishment, fine, corruption, corrupt practices.*

Тарихи-құқықтық тұрғыдан алғанда айыппұл жаза түрі ретінде ежелгі замандардан бері қолданылады.

Ресей империясының 1845 жылғы Уложение о наказаниях уголовных и исправительных атты кодификацияланған қылмыстық заңы қазынаға түсетін айыппұл (штраф) мен қоғамдық және жалпыға пайдалы мекемелердің пайдасына түсетін өсімпұлды (пеня) бөліп қарастыратын. 1903 жылғы Уголовное уложение де айыппұлдың екі түрін қарастыратын: ақшалай өсімпұл және ақша өндіріп алу (взыскание). Қылмыстық құқықтағы басты мүлдіктік жаза осылардың алғашқысы болған. Ақшалай өсімпұл не заңда көзделген белгілі бір мөлшерде тағайындала алатын, не заңда бұл жазаны есептеу үшін қолданылатын масштаб көрсетілетін [53, б. 268-270].

Қазақтардың әдет-ғұрып құқығындағы жазалар жүйесін зерттеген ғалымдар оның өзіндік ерекшелігі ретінде мүлдіктік жазалардың басым болғанын жазады. Б.А. Кулмуханбетова «қазақ халқының тарихи қалыптасқан менталитеті жазаның мүлдіктік түрлерін артық көреді және оларды жазаның өзге түрлерімен (мысалы, бас бостандығынан айырумен) салыстырғанда әлдеқайда тиімді деп қабылдайды» деп жазады [54, б. 13].

Тәуке ханның (1680-1718 ж.ж.) «Жеті Жарғысының» алтыншы бөлімі айып төлеуге байланысты қылмыстық құқық нормаларын, жетінші бөлімі құн төлеуге байланысты қылмыстық құқық нормаларын қамтыған. Қазақ билігінде ең жиі қолданылатын жаза болған айыпты мүлдіктік қылмыстарды немесе жеке адамға қарсы қылмыстардың кейбір түрлерін жасаған кінәлі тарап жәбірленуші тарапқа төлеген. Айыптың «ат-тон айып», «бір түйе, бір шапан», «тоғыз (ат бастатқан, түйе бастатқан, құл бастатқан,»)» деген түрлері белгілі болған. Құн болса – ауыр қылмыстарды жасаған, атап айтқанда, адам өлтірген немесе дене жарақаттарын салған кінәлі тараптың жәбірленуші тарапқа келісім бойынша төлейтін өтем пұлы. Ж.О.Артықбаев құнды «айыптың ең жоғарғы сатысынан кейінгі салынатын төлем» деп сипаттайды [55, б. 126].

Мүлдіктік сипаттағы жаза түрі ретінде айыппұл Кеңес заманы тұсындағы заңнамада маңызды орын алған болатын. Әсіресе Қазан төңкерісінен кейінгі кезеңде айыппұл кеңінен қолданылған. Халық соттарының 1917-1918 жылдардағы тәжірибесінде айыппұл ең жиі тағайындалатын жаза болған. Мысалы, 1918 жылдың бірінші жартысында Мәскеу қаласының халық соттары сотталғандардың 54 пайызына, ал осы жылдың екінші жартысында – 56,9 пайызына айыппұл тағайындаған [56, б. 132].

1922 және 1926 жылдардағы РКФСР Қылмыстық кодекстерінің, сондай-ақ 1959 жылғы ҚазКСР Қылмыстық кодексінің көптеген баптары қылмыстардың айтарлықтай саны үшін айыппұл жазасын көздейтін. Мысалы, 1959 жылғы ҚазКСР Қылмыстық кодексінің 80 шақты бабы соттарға айыппұл жазасын тағайындау мүмкіндігін беретін. Дегенмен, сот тәжірибесінде айыппұл сирек қолданылатын.

1997 жылғы ҚР ҚК бойынша айыппұл әрі негізгі, әрі қосымша жаза ретінде де тағайындалатын. Бастапқы редакциясында негізгі жаза түрі ретінде айыппұл 247 санкцияда (39,14%), ал қосымша жаза ретінде 27 санкцияда (4,2 %) көзделген болатын [57, б. 201]. Заңнамада жиі көзделгеніне қарамастан, 1997 жылғы ҚР ҚК әрекет етіп тұрған тұста айыппұлды қолдану үнемі қысқарып отырды. Мысалы, 1996 жылы айыппұл сотталғандардың 14,9 пайызына тағайындалса, 2016 жылы сотталғандардың 4,6 пайызына ғана тағайындалған [58, б. 247 интернет ссылақ]. Айыппұлдың тәжірибеде сирек қолданылуының басты себебі ретінде ғалымдар сотталғандардың өндіріп алатын қаражатының болмауын атайды. Статистикалық мәліметтерге қарағанда, сотталғандардың 70 пайыздан астамы қылмыс жасаған уақытта жұмыссыз болған [58, б. 249].

Айыппұлдың анықтамасы ҚР ҚК 41-бабында тұжырымдалған. Заңнамалық анықтамадан айыппұлдың жазалаушылық мазмұнын сотталған адамнан мемлекеттің кірісіне ақша өндіріп алу арқылы оны мүліктік шектеулерге ұшырату құрайтыны көрініп тұр. Осы себепті айыппұлды «мүліктік жазалар», «негізінен сотталған адамның пайдакүнемдік уәждемесіне әсер ететін мүліктік сипаттағы жазалар» қатарына жатқызады. Мамандардың барлығы айыппұлдың жазалаушылық әлеуетін сотталған адамның мүліктік құқықтары мен мүдделеріне қысым көрсетумен байланыстырады. Басқа мүліктік жазалардан айыппұл мүліктік шектеулердің ақшалай нысанда көрініс беруімен ерекшеленеді. Осы себептен В.К. Дуюнов айыппұл сотталған адамның қаржылық мүдделерін шектеуге бағытталса, мүлікті тәркілеу оның меншік құқығын шектеуге бағытталған деп санайды [26, б. 75].

Экономикалық қызмет саласындағы қылмыстар бойынша шығарылған үкімдерді талдау көрсеткендей, қылмыстардың осы түріне жаза тағайындау тәжірибесінде оң өзгерістер бар. Атап айтқанда, экономикалық қылмыстардың ауырлатушы мән-жайларсыз жасалған түрлері үшін соттар негізінен айыппұл жазасын тағайындайды. Осы мүліктік жазаның пайдакүнемдік сипаттағы қылмыстармен күрестегі тиімділігін ескере отырып, еселенген айыппұлды экономикалық қылмыстардың кейбір түрлері үшін де көздеуге болады деп санаймыз. Мысалы, қылмыстық жолмен

алынған ақшаны және (немесе) өзге мүлікті заңдастыру (жылыстату) құрамында айыппұл мөлшерін заңдастырылған мүліктің сомасына немесе құнына еселеп санауға болар еді.

Осы ұсынысты жүзеге асыру үшін ҚР Қылмыстық кодексінің 41-бабындағы еселенген айыппұл көзделген қылмыстардың тізімін ҚР ҚК 218-бабымен толықтыру қажет деп санаймыз.

Тұжырымдарымыз объективті болуы үшін еселенген айыппұл жазасының проблемалы қырларын да көтере кету керек.

Ең бірінші кезекте, «пара сомасына немесе құнына еселеп саналған айыппұл мөлшері әділдік принципіне, жаза максаттарына жауап бере ме?» деген орынды сауал туындайды. Айталық, мемлекеттік қызметші 100 мың теңге пара алса, айыппұл жазасының мөлшері ҚР ҚК 366-бабының 1-бөлігі бойынша 5 млн. теңгені, 2-бөлігі бойынша – 6 млн., 3-бөлігі бойынша – 7 млн., 4-бөлігі бойынша – 8 млн. теңгені құрайды. Ресми статистикалық мәліметтерге қарағанда, Астана қаласында 2016 жылы мемлекеттік басқару саласындағы жалданбалы қызметкерлердің орташа айлық жалақысы 240 865 теңгені құраған [59]. Мемлекеттік қызметшінің бір жылдық табысы 3 миллионға да жетпейтін болса, пара сомасына немесе құнына еселеп саналған айыппұлды төлеу не мүлде мүмкін емес, не оны төлеген жағдайда сотталған адам күнін көру мүмкіндігінен айырылады. Н.В.Бугаевская осындай айыппұлды жазалаушылық әсері бойынша мүлікті толық тәркілеуге теңестіреді [60, б. 45]. Ал сыбайлас жемқорлық қылмыстар үшін міндетті қосымша жаза ретінде мүлікті тәркілеу көзделетінін ескерсек, еселенген айыппұлға сотталған адамның жағдайы қаншалықты мүшкіл болатынына көзіміз жетеді.

Екіншіден, паракорлық қылмыстар туралы нормалардың санкциясында бас бостандығынан айыру жазасымен қатар айыппұлдың көзделуі қылмыстық заңды ізгілендіру саясатымен үйлескенімен, жазаның болмай қоймайтындығы принципіне кереғар келеді. Көршілес Ресейде айыппұл мөлшерін пара сомасына еселеп санау тәжірибесі тағайындалған жазалардың іс жүзінде орындалмауына алып келді. Сотталған адамдар мына екі жолдың біреуін таңдауға мәжбүр болады: не заңсыз жолмен табылған мүлкін заңдастыру жолымен айыппұлды төлеу, не өзінің бейресми табыстарын сақтап қала отырып, айыппұлды төлемеу. Ресей тәжірибесі көрсетіп отырғандай, паракорлардың көбі екінші жолды таңдайды.

Қазақстан Республикасында да осыған ұқсас үдерістер байқалады: 2015 жылдың 10 айында ел көлемінде паракорлық үшін сотталғандардың 76 пайызына (196 адамға) 2,8 миллиард теңгенің айыппұлы тағайындалған. Тағайындалған айыппұлды дер кезінде төлей алмаған 14 адамға айыппұлды кейінге қалдыру туралы шешім шығарылған,

мерзімі өтіп кеткен айыппұлдар бойынша 71 орындау парағы шығарылған, ал 3 адамға қатысты айыппұл бас бостандығынан айыру жазасымен ауыстырылған. Мысалы, ОҚО Ордабасы аудандық сотының қаулысымен 9 млн. теңгенің айыппұлы 3 жыл 6 ай мерзімге бас бостандығынан айыру жазасымен алмастырылған. Айыппұлды кейінге қалдыру туралы өтініш білдіргендердің біреуі – 33 млн. теңге айыппұлға кесілген Б. – құны 65 млн. теңге тұратын жер телімін сату үшін уақыт беруді сұраған. Сот бұл өтінішті қанағаттандырып, айыппұл төлеуді төрт айға кейінге қалдырған [62]. Ал Астана қаласы бойынша 2016 жылы сыбайлас жемқорлық қылмыстары үшін сотталған 90 адамның 36-на еселенген айыппұл тағайындалған. Тағайындалған еселенген айыппұлдың жалпы саны 392 375 018 теңгені құрайды, оның ішінде 2017 жылғы 1 сәуір жағдайында, 34 613 500 теңге соммасын құрайтын айыппұл төленбеген. Нақты айтқанда, Алматы аудандық сотының үкімімен сотталушыға 27 089 000 теңге көлемінде айыппұл тағайындалған, 2016 жылғы 24 наурыз айында үкім заңды күшіне еніп, 5 сәуірде Астана қаласы Әділет департаментіне орындалу үшін жолданды. Алайда, қарастырылып отырған жаза түрі дер кезінде орындалмауының салдарынан, 2016 жылғы 16 қыркүйекте Астана қаласы Сарыарқа аудандық сотының қаулысымен және мемлекеттік сот орындаушысының ұйғарымы негізінде, айыппұл, ҚК 41-бабы 3-тармағын басшылыққа ала отырып, 2 жыл бас бостандығынан айыру жазасымен ауыстырылды.

Айыппұл туралы үкімдердің іс жүзінде орындалмауы Ресей заңшығарушысын еселенген айыппұлдың шекті мөлшерін белгілеуге (2013 жылғы 28 маусымдағы Федералдық Заңға сай еселенген айыппұл сомасы 500 млн. рубльден аспауы керек), еселенген айыппұлдың минималдық мөлшерін төмендетуге (25-тен 10-ға дейін), айыппұлды ерікті түрде төлеу мерзімін 60 күнге дейін, кейінге қалдыру мерзімін бес жылға дейін ұзартуға мәжбүр етті [63]. Біздің пайымдауымызша, жуық арада Қазақстанда да осындай шараларды қолға алу қажеттігі туындауы мүмкін.

Тағайындалған жазаның орындалмауы салдарынан қылмыстық істер бойынша сот төрелігі тиімділігінің төмендеуіне жол бермеу үшін еселенген айыппұлды орындау тәртібін қылмыстық-атқару заңнамасында арнайы құқықтық реттеу қажет деп санаймыз. Атап айтқанда: а) еселенген айыппұлды ерікті түрде төлеу мерзімін; ә) еселенген айыппұлды кейінге қалдыру мерзімін ұзарту керек.

Еселенген айыппұлдың қарсыластары бұл шарадан мүлде бас тартпай, оны мүлікті тәркілеу жазасының орнына дербес жаза түрі ретінде көздеуге болады деп санайды. Ресей заңгерлері өз елдеріндегі мүлікті тәркілеу жазасының дағдарысын ескере отырып, сыбайлас жемқорлықпен күресте

еселенген айыппұл жазасы мүлікті тәркілеумен салыстырғанда әлдеқайда тиімді болуы мүмкін деген пікір айтады. Пара сомасына еселеп саналатын айыппұл идеясын сол кездегі мемлекет басшысы да қолдады: «... мүлікті тәркілеу ... қылмыстық құқық және орындау рәсімі тұрғысынан алғанда әжептәуір күрделі нәрсе, еселенген айыппұл болса, өте тиімді бола алады» [64].

Занда айыппұл жазасын өтеуден жалтарған жағдайларда оны жазаның ауырақ түрімен алмастыру мүмкіндігі көзделген. ҚР ҚАК 51-баб. 1-бөлігіне сай айыппұл төлеуден жалтару деп сот үкімі заңды күшіне енген күннен бастап бір ай ішінде айыппұлды төлемеу және өзінің кірістерін не мүлкін мәжбүрлеп өндіріп алудан жасыру танылады.

ҚР ҚК 41-баб. 3-бөлігіне сай сотталған адам айыппұл жазасын өтеуден жалтарған жағдайларда қылмыстық теріс қылық жасағаны үшін тағайындалған айыппұл қоғамдық жұмыстарға тарту не қамаққа алу жазаларымен ауыстырылады, ал қылмыс жасағаны үшін тағайындалған айыппұл бас бостандығынан айыруға ауыстырылады. Осы орайда айта кететін жайт, ескі қылмыстық заңнама айыппұл жазасын бас бостандығынан айыру жазасымен алмастыруға жол бермейтін.

Шетелдік ғалымдар біздің қылмыстық заңнаманың айыппұлды құқықтық реттеудегі ұтымды тұстарының бірі ретінде бұл жазаны өтеуден жалтарған жағдайларда айыппұлдың орнына тағайындалуы мүмкін жаза түрлері мен айыппұл мөлшерінің нақты арақатынасының анықталуын атайды [37, б. 12].

Айталық, отандық заңнама бойынша қылмыстық теріс қылық үшін тағайындалған айыппұл ауырырақ жаза түрімен алмастырылғанда олардың ара қатынасы былайша анықталады: айыппұлдың бір айлық есептік көрсеткішіне қоғамдық жұмыстарға тартудың бір сағаты сәйкес келеді; айыппұлдың бір айлық есептік көрсеткішіне қамаққа алудың бір тәулігі сәйкес келеді. Қылмыс үшін тағайындалған айыппұл бас бостандығынан айыру жазасымен алмастырылғанда айыппұлдың төрт айлық есептік көрсеткішіне бас бостандығынан айырудың бір күні сәйкес келеді. Алайда, соңғы арақатынас сотталған адамдар паракорлық үшін тағайындалған айыппұлды өтеуден жалтарған жағдайларда қолданылмайды: бұл реттерде бас бостандығынан айыру жазасы ҚР ҚК 366-368-баптарының санкциясында көзделген шектерде тағайындалады.

Өкінішке орай, отандық қылмыстық заңнамада қылмыс үшін тағайындалған айыппұл жазасын бас бостандығынан айыру жазасымен алмастырғанда айыппұлдың ішінара төленіп қойылған бөлігін есепке алу мүмкіндігі көзделмеген. Бұл олқылықты жою үшін ГФР Қылмыстық кодексінде көзделгендей, бас бостандығынан айыру жаза-

сының мерзімін айыппұлдың төленбеген бөлігіне ғана шағып есептеу тәртібін бекіту керек деп санаймыз [52, б. 82].

Қылмыстық заңнамада ауырырақ жаза түрін жеңілірек жаза түрімен ауыстыру мүмкіндігі де көзделген. Онша ауыр емес, ауырлығы орташа немесе ауыр қылмыс үшін бас бостандығынан айыруды өтеп жатқан адамға, ол қылмыспен келтірілген залалды толық өтеген не жазаны өтеудің белгіленген тәртібін қаскөйлікпен бұзбаған жағдайда, сот жазаның қалған өтелмеген бөлігін неғұрлым жеңіл жаза түрімен ауыстыра алады (ҚР ҚК 73-баб. 1-бөл.). Біздің қылмыстық заңнамада ауырырақ жаза түрін айыппұлмен ауыстырған жағдайлардағы олардың арақатынасы нақты анықталған: бас бостандығынан айырудың төрт күніне айыппұлдың бір айлық есептік көрсеткіші сәйкес келеді (ҚР ҚК 73-баб. 3-бөл.). Айыппұл жазасын тағайындаған кезде қылмыстық құқық бұзушылық жасалған кездегі айлық есептік көрсеткіштің мөлшері басшылыққа алынатынын жоғарыда айттық. Олай болса, ауырырақ жаза түрін айыппұлмен ауыстырған жағдайларда да қылмыстық құқық бұзушылық жасалған кездегі айлық есептік көрсеткіштің мөлшері басшылыққа алынуы керек. Осындай жағдайларда жазаны ауыстырған кездегі айлық есептік көрсеткіш мөлшерін басшылыққа алу [65, б. 132], біздің ойымызша, сотталған адамның жағдайын нашарлататын заңның кері күшін мойындауға алып келеді. Сондықтан, ҚР ҚК 73-баб. 3-бөлігі «бас бостандығынан айыруды айыппұлмен ауыстырған ретте қылмыстық құқық бұзушылық жасалған кездегі айлық есептік көрсеткіштің мөлшері басшылыққа алынады» деген ережемен толықтырылуы тиіс.

Айыппұл қоғамдық қауіптілігі төмен қылмыстық құқық бұзушылықтармен күрестің тиімді құралы болғандықтан, бұл жаза қылмыстық теріс қылықтар, онша ауыр емес және орташа ауырлықтағы қылмыстар үшін жауаптылық көздейтін баптардың басым бөлігіне енгізілген. Қазақстан Республикасының 2014 жылғы Қылмыстық кодексі айыппұл жазасын қолдану аясын елеулі түрде кеңейтті: қолданыстағы қылмыстық заңнамада айыппұл ауыр және аса ауыр қылмыстар үшін де көзделеді. Соңғы жайттың экономикалық қызмет саласындағы және сыбайлас жемқорлық қылмыстық құқық бұзушылықтарға тікелей қатысы бар.

Қысқаша талдау көрсеткендей, айыппұл тарихи-құқықтық тұрғыдан қарағанда жаза түрі ретінде ежелгі замандардан бері қолданылады. Дегенмен, сот тәжірибесінде айыппұл сирек тағайындалады. Айыппұлдың тәжірибеде сирек қолданылуының басты себебі ретінде ғалымдар сотталғандардың өндіріп алатын қаражатының болмауын атайды.

Айыппұл жазасын қолдану аясын кеңейтудің объективтік себептерін қоғам өмірінің әлеуметтік шарттарынан іздеу керек. Нарықтық экономика

жағдайында адамдардың материалдық қажеттіліктері мен мүдделері рөлінің еселеп артуы айыппұл жазасын кеңінен қолданудың әлеуметтік алғышарты болып табылады. Осы тұрғыдан алғанда пайдакүнемдік ниетпен жасалған немесе жеке тұлғалардың, қоғам мен мемлекеттің материалдық мүдделерін құрметтеумен байланысты қылмыстық құқық бұзушылықтар үшін айыппұлдың көзделуі орынды.

#### Әдебиеттер тізімі:

1. Таганцев Н.С. Русское уголовное право. Лекции. Часть Общая. В 2-х т. Т. 2. М., 1994. С. 268-270.
2. Құлмуханбетова Б.А. Имущественные наказания по уголовному праву Республики Казахстан. Автореф. дисс. ... к.ю.н. - Алматы, 2004. - С.13.
3. Артықбаев Ж.О. «Жеті жарғы» – мемлекет және құқық ескерткіші (зерттелуі, деректер, тарихы, мәтіні): оқу құралы. - Алматы: Заң әдебиеті, 2006. - 150 б. Б.126.
4. История советского уголовного права (1917-1947 гг.) /Научный ред. А.А.Герцензон. М., 1948. С. 132.
5. См.: Уголовное право Республики Казахстан. Общая часть. - Алматы, 2005. С. 201.
6. Уголовное право Республики Казахстан. Общая часть: Учебник для вузов. Отв. редакторы И.И. Рогов, К.Ж.Балтабаев. - Астана: Издательство ЕНУ им. Л.Н. Гумилева, 2015. - 421 с. С.247.
7. Дуюнов В.К. Проблемы уголовного наказания в теории, законодательстве и судебной практике. - Курск, 2000. - С.138-174.
8. <http://www.stat.gov.kz>
9. Бугаевская Н.В. Назначение наказания в виде штрафа, кратного сумме взятки, как отражение антикоррупционной политики в новых финансово-экономических условиях //Известия Тульского государственного университета. Экономические и юридические науки. - 2014. - №2-2. С.45. (43-49).
10. <http://today.kz/news/kazakhstan/2015-11-04/701878-kak-shtrafuyut-za-vzyatki-v-kazahstane/>
11. <http://www.ugolkod.ru/statya-46>
12. <http://vz.ru/politics/2010/4/6/390264.html>
13. Жабский В.А. Наказания по уголовному законодательству зарубежных стран: теоретико-прикладное исследование. Автореферат дисс. ... д.ю.н. - Рязань, 2010. 39 с. С.4.
14. Қумарбекқызы Ж. Алыс шетелдердің қылмыстық заңнамасындағы айыппұл жазасы //«Әуезов оқулары – 14: Жаңа жаһандық ахуалдағы Қазақстанның білім мен ғылымдағы инновациялық әлеуеті» Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция еңбектері. - Шымкент: М. Әуезов атындағы ОҚМУ, 2016. - Б.81.
15. Комментарий к УК РФ. Общая часть. - М.: ИНФРА-М-НОРМА, 1996. С.132. - 586 с.